**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақбобек» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында өзін – өзі аттестаттаудан өткізілуі туралы**

**АНЫҚТАМА**

**Мекеменің атауы:** «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақбобек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Пайдалануға берілген жылы: 2006 жылы «06» желтоқсан айы. Сыйымдылығы 46 орын.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылы, Б. Момышұлы көшесі 43 үй.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 871 339 25 5 45, электронды поштасы Ak_bobek91@ mail.

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Нуржанова Адилет Еламанкызы, 2009 жылы 01 маусым №99 Әйтеке би аудандық білім бөлімінің бұйрығымен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Әйтеке би аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімімен 13.01.2021 жылы берілген, БСН-061040006061, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 10.07.2009 жыл.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2015 жылғы 09шілдедегі №KZ16RVK00004467 берілген хабарлама.



2010-2020 шы жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру барысында бес саламен жұмыс жасалып келеді. Әр саланың өзіндік ерекшеліктері бар. Биылғы оқу жылында тобымызда көптеген ашық сабақтар, тәрбие сағаттары, мерекелік іс шаралар өтті. Атап өтетін болсақ, «Арайлы Алтын күз» апталығы жоспарланды. Алғашқы күнінде Музыка жетекшісі А. Нағашыбайқызы балалармен бірге би билеп, ән салды. Аптаның екінші күні «Біздің сәнқой бүлдіршіндер» сән үлгісін көрсетті. Үшінші күні «Күзгі көрініс» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге түрлі дәнді дақылдардан, қалдық заттардан картиналар т.б. қолөнер жасады. Әрі қарай «Арайлы Алтын күз» атты ертеңгілікпен аяқталды.





*«Біздің кішкентай зерттеушілер»* атты бүлдіршіндермен тәжірибе жасау апталығын, тәрбиешілер түрлі әдіспен ұйымдастырып өткізді.











Педагогтар арасында тұңғыш елбасы күніне орай, *«Менің тұңғыш - Президентім»* бағдарлама ұйымдастырылды. Бағдарламада тәрбиешілер өздерін ерекше тәсілмен таныстырып, сканвордтар шешіп, қазақтың ұлттық ою өрнектерін пайдалана отырып, түрлі шебер сыныптар көрсетті. Педагогтар аудандық кәсіподақ ұйымынан және білім бөлімінің басшысынан демеушілік көрсетіліп, алғыс пен сыйлықтар табысталды.



Тәуелсіздің 30 жылдық қарсаңында дене шынықтыру жетекшісі балалар арасында «Қазақтың ұлттық ойындары» «Арқан тартыс», «Асық ату», «Ат жарыс» ойындарын ұйымдастырып өткізді. Әрі қарай балабақшамыздың әдіскерінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік тұғырым» атты тақырыпта макет көрмесі өтті.



Жаңа жылдық мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Жаңа жылдық іс-шараға балалар карнавалдық киіммен келіп,аяз аталарына өлеңдерін, тақпактарын айтып,билерін билеп сыйлық алып үйлеріне қайтты. Сонымен қатар Ауылдық Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты байқауы өтті. Бұл сайыста қыздарымыз үнді биінен бас жүлдені иемденсе, ер балаларымыз 3 орынды қанжығаларына байлады. Жетекшісі Рахметова А. А

Аранайы жасақталған сенсорлық шағын кабинет бар. Ұсақ қол, бұлшық еттерін, тілін, ойын дамытатын, ойын бұрыштарымен жабдықталған. Жетекшісі Кулдыкова А.Н.







Педагогтар күннің екінші жартысында балалармен дидактикалық ойындар, қимылды ойындар, сюжетті рөлді ойындар, жеке баламен жұмыстар жүргізеді. Психолог А. К. Жусипова ұсақ қол маторикасын дамытуға арналған жаттығулар жүргізеді.

**Педагогтенардың жетістіктері:**

Республикалык «Өрлеу» порталынан құрмет грамотасы, тәрбиеші А. Н. Кулдыкова, Тәуелсіздіктің 30 жылдық қарсаңында - Алғыс хат А.Н. Кулдыкова, «Жазғы жұлдыз» Диплом - 2021 ж. А. Н. Кулдыкова, Ақтобе облыстық ғылыми тәжірибелік орталықтың семинарына педагогтарымыз қатысып, өз жұмыс барысындағы заманауи әдіс тәсілдерім бөлісіп, алғыс хатпен марапатталды. «Жарқыра балапан» Республикалдық мектепке дейінгі ұйымдар арасында байқаудан, мәнерлеп оқудан Арманқызы Нұрдана 3 орынды жеңіп алды, жетекшісі Кулдыкова А.Н, «Қыс қызығы» атты диплом 1 орын, жетекшісі А. Н. Кулдыкова және т.б.

«Жарқыра балапан» Республикалық онлайн байқауға балаларды қатыстырғаны үшін, алғыс хат Б. А.Кунтуганова, Педагогтер арасында облыстық олимпиададан 3 орын Б.А.Кунтуганова, «Менің тұңғыш Президентім» бағдарламаға қатысқаны үшін аудандық кәсіподақ ұйымынан алғыс хат және т.б.

«Жарқыра балапан» Республикалдық мектепке дейінгі ұйымдар арасында байқауға балаларды дайындағаны үшін, диплом Рахметова А. А, «Жарқыра балапан», қол өнер байқауынан, Жаслан А

1 орын, Балатай С 2 орын. Халықаралық «Пони» байқауының жүлдегері Алдажанов А., Маханалы І, 3 орындармен марапатталды, жетекшісі Рахметова А. А.
Халықаралық «Пони» байқауынан Диплом 2021 ж Карабалина К. Ж., Халықаралық «Пони» байқауы Марат Т. 1орын, Бүркітбай Ш. 3орын, Мақсотов М. 3орын жетекшісі К. Ж.Карабалина. «Жарқыра балапан» Республикалдық мектепке дейінгі ұйымдар арасында байқаудан, мәнерлеп оқудан Марат Таншолпан 1 орынды жеңіп алды, жетекшісі Карабалина К. Ж. және т.б.

Ақтөбе облыстық ғылыми тәжірибелік орталықтың семинарына педагогтарымыз қатысып, өз жұмыс барысындағы заманауи әдіс тәсілдерім бөлісіп, алғыс хатпен марапатталды. А. К. Жусипова, Сертификат «Қағазбен жұмыс конструктивті дағдыларды дамыту» қатысқаны үшін А. К. Жусипова және т.б.

Педагогтар арасында іскер ойындар, шебер сыныптар, педагогикалық кеңестер, коучингтер үнемі өткізіліп отырады.









Ата-аналармен іс-шаралар жоспар бойынша жүргізіледі,барлық материалдар папкілерге жинақталған. Ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның жұмысына әр кез қатысады.

Мектепке дейінгі ұйым жұмысының негізгі бағыты - тәрбие процесін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Жылдық жұмыс жоспарын, педагогикалық кеңестердің хаттамаларын талдау, оқу-тәрбие процесін бақылау соңғы 4 жыл ішінде жұмыстың негізінде барлық бағыттарының қаралғанын көрсетті.

Нормативтік құжаттармен де тиісті жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі жиналыстарда, педкеңестерде, барлық қызметкерлерді ҚР Президентінің Жолдауымен, ҚР Заңымен таныстырады.

Ұйымда іс-қағаздарын жүргізу жұмысы барлық талаптар бойынша жүзеге асырылады: еңбек кітапшалары, еңбек кітапшаларының қозғалысы туралы дәптер, балалардың, педагогтардың жеке іс-қағаздары, ата-аналармен келісім шарттар, бұйрықтар кітабы, өндірістік жиналыстардың хаттамалары, бақылау дәптерлері, инструктаж журналы т.б. жүргізіледі.